

5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының 3 курс (жедел), 4 курс және 5B070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 4 курс студенттерінің кәсіптік сараманынан өту қорытындысы бойынша

## ЕСЕП

*Кәсіптік сараманның мақсаты* – мамандардың теоретикалық және тәжірибелік дайындық жағдайында, кәсіби іскерлігіне максималды түрде жақындау, таңдаған мамандығы бойынша тұрақты қызығушылығын қалыптастыру болып табылады. Кәсіптік тәжірибе мазмұны дипломдық жұмысының зерттеу тақырыбына сәйкес анықталады. Студенттер кәсіптік сараманнан өту барысында кәсіпорынның ұйымдастырушылық-экономикалық жұмысында, қаржылық құрылымы мен коммерциялық ұйымдастырылуында, сонымен қатар ұйымды басқарудағы әдістер мен әдістемелерін үйренуге қатысып, өздеріне мол тәжірибе жинақтайды.

Кафедра мамандықтарының студенттері оқу-танысу (1 курс), оқу және үздіксіз (3 курс), педагогикалық және кәсіби (4 курс) сарамандарынан өтеді.

2019-2020 оқу жылында 5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», 5B070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарының студенттері үшін БҚО, Теректі ауданы, «Шалқар селолық округінің әкімі аппараты»; М.Өтемісов атындағы БҚМУ, IT бөлімі; Атырау облысы, Исатай ауданы, ИП «Азат» мекемесі; БҚО, Орал қаласы, «Студия «Web-design.kz» ЖШС; БҚО, Орал қаласы, «ABZAL.COM.KZ» ЖШС; Қазақстан Республикасы бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша басқармасы; «Атырау облысы, Исатай ауданы, Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектебі; БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы №8 ОБМ кәсіпорындарымен келісім шарт жасалды.

Кафедрада сараманның барлық түрі бойынша ҚР мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сәйкес дайындалған сараман бағдарламалары бар. Бұл бағдарламаларда сараманның мақсаты, міндеті, машықкерлерді бағалау критерийлері, сараман қорытындысы бойынша тапсырылатын құжаттар тізімі толық көрсетілген.

Студенттер сараманнан өту нәтижесі бойынша кафедраға есеп тапсырады. Сараман бойынша есептің мазмұны мен материал көлемі сараман бағдарламасының ұсынған талаптарына сәйкес келеді. Сараман үрдісінде басшылық өзінің мінездемесін, ескертуін және ұсынысын береді. Қорытынды конференцияларда студенттер презентация мен есебін ұсынады. Кафедраның мәжілісінде өндірістік сараман нәтижелері талқыланады, онда сараман кезінде пайда болған ескертулерге көп көңіл бөлінеді.

2019-2020 оқу жылында оқу жылында жоспарланған оқу кестесіне сай **27.01.2020 ж. – 25.04.2020 ж.** күндері аралығында 5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының студенттері төмендегі өндіріс орындарына сараманнан өтуге жіберілді:

**Сұраныстары бойынша:**

**ВТиПО/у-33 топ, к/б**

Ғаниұлы Бекзат- БҚО, Орал қаласы, «Студия «Web-design.kz» ЖШС

Әдіскер ретінде информатика кафедрасының аға оқытушысы Т.М. Маннапова бекітілді.

**ВТиПО-41 топ, к/б**

1. Бектурганов Мендыхан Амандықұлы – БҚО, Орал қаласы, «ABZAL.COM.KZ» ЖШС

2. Ақулова Жансая Мурадымовна – Қазақстан Республикасы бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша басқармасы

3. Әділгереев Ерұлан Асылбекұлы- БҚО, Орал қаласы, «ABZAL.COM.KZ» ЖШС

4. Елеусінов Еркебұлан Саматұлы - Атырау облысы, Исатай ауданы, Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектебі

5. Садықов Сұлтан Чапайұлы- БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы №8 ОБМ  
Әдіскер ретінде информатика кафедрасының аға оқытушысы Ғ.Ғ. Мухамбетова бекітілді.

**5B070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша**

**ИС-41 топ, к/б**

**М.Өтемісов атындағы БҚМУ, IT бөлімі**

1. Құспанова Айзат Айғалиқызы

2. Мақсот Айәділ Дарханұлы

3. Асқаров Манас Нұрсайынұлы

**Сұраныстары бойынша:**

4. Кадирғалиева Жансулу Болатовна- БҚО, Теректі ауданы, «Шалқар селолық округінің әкімі аппараты»

5. Сырымқызы Жарқын – Атырау облысы, Исатай ауданы, ИП «Азат» мекемесі

Әдіскер ретінде информатика кафедрасының доценті Д.Б. Абулқасова бекітілді.

**5B060200 –«Информатика» мамандығы бойынша**

**Инф-41 тобы**

Хамитов Жасулан Тулегенович - М.Өтемісов атындағы БҚМУ, IT бөлімі

Әдіскер ретінде информатика кафедрасының аға оқытушысы Т.М. Маннапова бекітілді.

Кафедрадан машықкерлерді сараманға жіберу және оларға әдіскерлерді тағайындау туралы қызметтік жазбалар жазылып, машықкерлерді сараман бойынша орналастыру конференциясы өтті. Конференцияда машықкерлерді сараман талаптарымен, тапсырылатын құжаттармен және әдіскерлерімен таныстырылды.

Әрбір әдіскер машықкерлерді тағайындалған мектеп, мекеме, өндіріс орындарына апарып, орналастырды. Сонымен қатар кафедра тарапынан анкеталар жүргізілді. Сараман жетекшілері машықкерлердің сараманнан өту барысында үнемі бақылауда ұстады.

2020 жылдың 27 сәуір күні 5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», 5B070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарының ВТиПО-41, ВТиПО/у-33, ИС-41 топ студенттері үшін қорытынды конференция өткізілді. Студенттер өндірістік сараман барысы қалай өткендігін презентация арқылы түсіндіріп, құжаттарын тапсырды. Қойылған сұрақтарға жауап берді. Сараман барысында сайт жасап үйренгендерін, университеттен алған білімдерін қолданып, практика жүзінде жетілдіргендерін, сайттарға жаңарту (модернизация) жасап, әлеуметтік желілерде сайттарға жарнама жасағандарын атап айтып, құжаттарын тапсырды.

Машықкерлер дайындауға тиісті барлық сараманның құжаттарын дайындап, өз әдіскерлеріне тапсырды. Мемлекеттік сараманнан өткен өндірістік орындар мен мектептер машықкерлердің жасаған жұмыстарына көңілдері толатынын айтып, болашақта жоғары білікті мамандар шығатынына сенімдерін білдірді.

Студенттер есеп беру барысында алдағы уақытта элективті пәндер каталогына кейбір пәндерді енгізу туралы ұсыныстарын да айтты, мысалы, Photoshop бағдарламасы, сайттарды жасауға арналған арнайы бағдарламалау тілдері, деректер қорымен жұмыс жасау бағдарламалары, т.б.


Машықкерлердің барлық есептері тыңдалып, қорытынды бағалары қойылды.

### **ВТиПО/у-33 топ, к/б**

ВТиПО/у-33 топ студенті Ғаниұлы Бекзат Студия «Web-design.kz» ЖШС-де сараманнан өтті.

Ғаниұлы Бекзат өндірістік сараманнан өту барысында жұмысты тез әрі ұқыпты орындауға үйренді. Жаңа бағдарламалау тілдерін меңгерді. Сараман барысында күнделік жүргізіп, орындалған жұмыстарын жазып отырды және өндірістік сараман жетекшісіне тексертіп отырды. Бұл сараман арқылы Ғаниұлы Бекзат өзіне қажетті білім мен тәжірбие алды.

### Теплоком Батыс компаниясының сайты



Өндірістік сараман жетекшісі И.В Мельников Бекзаттың алғашқы күннен бастап жаңа жұмыс ортасына жылдам үйреніп, атқарған жұмысына


тиянақтылығымен және жауапкершілігін көрсеткенін айтты. Бекзаттың сараман барысында әрдайым тапсырмаларға үлкен дайындықпен, шығармашылық ізденіспен келетінін, қиын жағдайларда өз бетінше ізденіп дұрыс шешім қабылдай алатынын жеткізіп келер шақта Бекзаттың өз ісінің шебері, нарық талаптарын қанағаттандыра алатын білгір, еңбекқор маман болатындығына сенім білдіріп сарамандық жұмысын «5» -өте жақсыға бағалады.

№	Аты-жөні	Сараманның қорытынды бағасы
1.	Ғаниұлы Бекзат	90; А-; 3,67 (өте жақсы)

#### **Инф-41 топ, қ/б**

5B060200 – Информатика мамандығының студенті Хамитов Жасулан М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ң ІТ орталығында өндірістік сараманнан өтті.

Хамитов Жасулан өндірістік сараманнан өткен ІТ орталығында әр түрлі қиындық деңгейлерінде электрондық оқулықтар жасады. AutoRun Pro Enterprise бағдарламасымен Windows үшін интерактивті мультимедиялық қосымшаларды құру үшін (RAD) қосымшаларды жылдам әзірлеудің толық құралымен жұмыстар жасап үйренді.



Мекеменің ұжымымен тез тіл табысып, тәжірибелі мамандардан тәжірибе жинақтады. Техникалық мамандар жұмысы ұқыптылыққа, мұқияттылыққа және өз қателіктерінен сабақ алу арқылы өте жақсы көрсеткіштерге жетуге негізделгенін көрді.

ІТ бөлімі Жасұланның сараманнан өту барысын «5» өте жақсы бағаға бағалады.

№	Аты-жөні	Сараманның қорытынды бағасы
1.	Хамитов Жасулан Тулегенович	95; А; 4 (өте жақсы)

#### **ВТиПО-41 топ, қ/б**

Акулова Ж.М.- сараман өткен мекемесінде жетекшінің басшылығымен келесі жұмыстар орындады: принтермен және сканермен жұмыс, компьютерді құрастыру және бөлшектеу, бағдарламаларды орнату және жою, сымды және сымсыз технологияларға негізделген жергілікті желіні зерттеуге және конфигурациялауға, сонымен қатар кабельді қысу арқылы орнатуға, басқарушы дербес компьютердің жергілікті желісі арқылы қосуға және олардың үздіксіз жұмыс істеуін тексеруге ерекше назар аударылды.

Кабельді қысу арқылы орнатуға, басқарушы дербес компьютердің жергілікті желісі арқылы қосуға және олардың үздіксіз жұмыс істеуін тексеруге ерекше назар аудару



Сондай-ақ, Комитеттің [www.qamqor.gov.kz](http://www.qamqor.gov.kz) ақпараттық қызметімен жұмыс жасады. Сараман барысында Комитеттің АЖ-мен және «Цифрлық Қазақстан» ЕРАП жобаларының бірімен - Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімімен танысып, электрондық хаттамаларды құрастыру үшін NUTS қолданып ЭСҚ-ны қайта шығаруға арналған Egov.kz веб-сайтына планшеттерге ЕРАП мобильді қосымшасын орнатуды үйренді.

*Әділгереев Е.А. және Бектурганов М.А.* "ABZAL.COM.KZ" ЖШС-да өндірістік сараманнан өтті. Өндірістік тәжірибені өту кезінде бұл студенттер өздерін жақсы қырынан көрсете білді. Компьютерлік бағдарламаларды: MS Office, Photoshop, Corel Draw, бағдарламалау тілдерін жақсы меңгеріп, олармен жұмыс істей алатындығын дәлелдей білді.

Берілген жұмысты уақтылы және сапалы орындай білді. Мекеме, мекемеден тыс болған іс-шараларға қатысып жүрді. Мекеме ұжымымен жақсы қарым-қатынаста болды. Өндірістік сараман кезінде кәсіпорындағы компьютерлермен және де компьютерде Java Script, HTML тілдерін және Delphi программалары жұмыс жасап, 4 жыл бойы алған білімін өндірістік тәжірибеде қолдана білді. Сонымен қатар басқа да мекемелік жобаларда жұмыстар істеп тәжірибесін арттырды. Мысалы, "Қазақстан картасы" жобасын жөндеумен айналысты, интерактивті сайт, терминал және QR жобалар жасау жұмыстарымен айналысты.

*Садыков С.Ч.* өндірістік сараманды БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебінде өтті. Өндірістік сараман өткен уақытында ол мекеме ұжымымен жақсы қарым - қатынаста болды. Сараман барысында төменде көрсетілген жұмыстар орындалды:

1. 3Dmax-та модель құрып, анимация жасау.
2. MS Access ДББЖ көмегімен ақпараттық базаны құру.
3. HTML-де сайт жазу.
4. Интернетке ақпарат орналастыру.
5. Жергілікті желілерді құру және оларды баптау.
6. FTP файлдық жүйесін құру.
7. Компьютерді диагностикалау және ақауларды жою.

Сараман барысында Садықов Сұлтан «Ақсай қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебі» коммерциялық қызметін зерттеді. Талдау нәтижелері бойынша ол маңызды қызығушылық пен практикалық құндылығы бар ұйымның коммерциялық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірледі. Садықов Сұлтан сараман кезінде өзін жақсы көрсетті. MS Office, Photoshop, Corel Draw, Бағдарламалау тілдері бойынша терең білімі бар екенін көрсете білді.

*Елеусінов Е.С.* -Атырау облысы, Исатай ауданы,Тұщықұдық с. Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектебінде өтті. Өндірістік сараман кезінде мекеме ұжымымен және оқушылармен жақсы қарым - қатынаста болды. Сараман барысында келесі жұмыстар атқарылды:

Оқушыларға “kahoot.it” жүйесімен жұмыс жасауды үйрету

Мектептегі компьютерлерді тексерістен өткізу


Компьютерлік класты жалпы бақылауда ұстау т.б.

Сараман кезінде Еркебұлан өзін ең мықты екенін көрсетті; ұқыптылық, тыңдау және түсіну қабілеті, жанжалдан аулақ болуға ұмтылу, стресске қарсы тұру, ымыраға келу қабілеті т.б. қасиеттері бар екенін көрсете білді.

№	Аты-жөні	Сараманның қорытынды бағасы
1.	Акулова Жансая Мурадымовна	95; А; 4 (өте жақсы)
2.	Әділгереев Ерұлан Асылбекұлы	95; А; 4 (өте жақсы)
3.	Бектурганов Мендыхан Амандықұлы	95; А; 4 (өте жақсы)
4.	Садықов Сұлтан Чапайұлы	95; А; 4 (өте жақсы)
5.	Елеусінов Еркебұлан Саматұлы	93; А-; 3,67 (өте жақсы)

#### ИС-41 топ, к/б


*Қадирғалиева Жансұлу Болатовна* - БҚО, Теректі ауданы, «Шалқар селолық округінің әкімі аппараты» мекемесінде өндірістік сараманнан өтті. Сараман барысында көптеген сайттармен жұмыс жасауды үйренді: «e-halyk», «42500.enbek.kz», «Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі». Өзіне жүктелген әр тапсырманы мұқият әрі тиянақты орындай білді. Ұйым ұжымымен тығыз байланыста болып, олармен жақсы тіл табыса алды. Сараман тәжірибе жинақтауға үлкен себеп болды.



*Сырымқызы Жарқын* - Атырау облысы, Исатай ауданы, ИП «Азат» мекемесінде өндірістік сараманнан өтті. Сараман барысында Adobe

Photoshop, CorelDraw, Vegas Pro бағдарламаларымен жұмыс жасады. Өзіне жүктелген жұмыстарды жауапкершілікпен атқарып, мамандармен жақсы қарым-қатынаста болды.

Құспанова Айзат, Мақсот Айәділ және Асқаров Манас М.Өтемісов атындағы БҚМУ, IT бөлімінде сараманнан өтті. Өндірістік сараман барысында студенттер жан-жақты тәжірибе жинақтаумен қатар өз білімдерін іс жүзінде көрсете алды: Web-ресурстарды жасақтау және жаңарту, Java, C++, PHP бағдарламалау тілдерін қолдану, бағдарламалық қамтамаларды, компьютерлік желілерді орнату және олардың қызметін қадағалау, т.с.с.



Joomla бағдарламасын қолдана отырып БҚМУ-дың жаңа сайты жасалды.  
[WKSU.kz](http://WKSU.kz) сайттың адресі.

Өз есептерінде студенттер оқу барысында алған теориялық және практикалық білімдерін қолдана алғандарын, сонымен қатар ұжымда жұмыс жасау, шешім қабылдау, құжаттармен жұмыс жасау тәжірибелерін жинақтағандарын көрсетті. Сараман қорытындысы бойынша студенттер мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында өз ұсыныстарын білдірді: 1 курс студенттері үшін IT бөлімінде міндетті оқу сараманы, «Компьютерлік графика» пәнінің мазмұнына Vegas Pro редакторымен жұмысты енгізу, PHP, Java Script бағдарламалау тілдерін тереңдетіп оқыту.

№	Аты-жөні	Сараманның қорытынды бағасы
1.	Құспанова Айзат Айғалиқызы	95; А; 4 (өте жақсы)
2.	Мақсот Айәділ Дарханұлы	95; А; 4 (өте жақсы)
3.	Асқаров Манас Нұрсайынұлы	94; А-; 3,67 (өте жақсы)
4.	Қадирғалиева Жансұлу Болатовна	95; А; 4 (өте жақсы)
5.	Сырымқызы Жарқын	93; А-; 3,67 (өте жақсы)

Сараман жетекшісі:

А.А. Хамзина